




АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ. СОТ ӨНДІРІСІ, 1-БӨЛІМ (1)

Ағылшын азаматтық процесіндегі
«Істі басқару» функциясы





1. Істі басқару «ұғымы, мәні, функциясы».
2. Судьялардың істі басқару жөніндегі міндеттері.
3. Коммерциялық сотта іс басқару.

1. Істі басқару «ұғымы, мәні, функциясы»

Континенталды құқықтық жүйесі бар мемлекеттердің соттарына қарағанда, Англиядағы соттың рөлі тарихи тұрғыдан өте пассивті болды. Сот тараптар ұсынған дәлелдемелерді ғана бағалады және олар бойынша өз шешімін шығарды, бұл ретте ол істі басқаруға сирек араласты. Тараптар оларға қандай дәлелдерді білдіретінін, куәгерлер мен сарапшылар ретінде кімді шақыратынын өздері анықтап отырды.

Алдыңғы дәрістердің бірінде атап өтілгендей, 1998 жылға дейін Англияның іс жүргізу құқығы, әдетте, судьяларға сотқа дейінгі кезеңде Істі басқару бойынша өкілеттіктер бермеді (бірақ Вульф реформаларына дейін Істі басқару коммерциялық сотта - Жоғары Сот төрелігі бөлімшесінде қолданылған).

1998 ж. Азаматтық сот ісін жүргізу ережелеріне сәйкес (Civil Procedure Rules) – судьяларға азаматтық істерді басқару бойынша үлкен өкілеттіктер берілді (әсіресе, ірі талап қою арыздарға қатысты).

«Істі басқару» (case management) — судьялардың пропорционалдылыққа әлде тепе-теңдікке (тиісінше, жалпы үнемдеуге) және жылдамдыққа баса назар аудара отырып, сот талқылауына дейін істің қаралуының дайындығына белсенді қатысуы.

Алайда, 1998 жылдан кейін Англияда орын алған іс басқарудағы революция сот процесінің шегін сот өктемдігімен емес, тараптардың жарыспалы құжаттарымен анықтайтын, негіз қалаушы қағидатты өзгерткен жоқ.

Сондай-ақ, Құқық мәселелері бойынша көзқарастарды тұжырымдай және дәлелдей, куәгерлік айғақтар мен жазбаша дәлелдемелерді ұсына отырып, тараптар өз позицияларын қалай қорғау керектігін шешуі тиіс қағидаттан ағылшын құқығы шегінбеді (және мұның кейбір континенталды жүйелердегі соттардың неғұрлым белсенді рөлінен айырмашылығы бар).

Сонымен қатар, ағылшын жүйесінде куәлардың өтініштері мен сарапшылардың есептері іс бойынша заңгерлердің қатысуымен тараптармен дайындалады, бірақ сот бақылауынсыз. Істі қарау барысында факт мәселелері бойынша куәлардан және сарапшылардан тараптар (әдетте олардың өкілдері) жауап алады. Ал міндеті қатысу болып табылатын судья тек қатысып отырады. Істі қарайтын Судья тек жекелеген нақтылаушы сұрақтар қоюға тиіс.

Мысалы, Апелляциялық сот 2006 жылы Southwark BC ісінде былай деп қаулы етті, егер судья дәлелдерді ауызша түрде ұсыну кезінде процеске артық араласса, ол «квази инквизициялық функцияны иемдене бастағаны», бұл болса «жарыс (бәсеке) жүйесіне толығымен қайшы келеді».

«Негіз қалаушы мақсат» деп аталатын (The Overriding Objective) АСЕ-ң 1-бөлігінде — процесс деңгейлерінде (ұсақ талаптар, жедел талқылау және әдеттегі талқылау), сондай-ақ істі басқару бойынша соттың кең өкілеттіктерін жүзеге асыруында «тепе-теңдік» (пропорционалдылық) ұғымына ерекше көңіл бөлінеді. АСЕ-ң I бөлімінде іс жүргізу теңдігінің талабы да атап көрсетіледі.

Ағылшын азаматтық процесінің алты сатысы:

1. талап қоюға дейінгі кезең «Істі басқаруға» байланысты тыңдаулардың өтуі (2-3 сатылар);
2. іс бойынша іс жүргізуді қозғау және жарыспалы құжаттармен алмасу;
3. тараптардың нақты дәлелдемелер мен сарапшылардың айғақтарын дайындауы және құжаттар алмасуы;
4. сот талқылауы;
5. апелляция;
6. атқарушылық іс жүргізу (өндіріс).

Сот «істі басқару» бойынша кең өкілеттіктерге ие. 1995-1996 жж. өз есептерінде Лорд Вульф бұл механизмді кәдімгі рәсім бойынша қаралып жатқан талап қоюлар үшін негіз қалаушы ретінде қабылдады (соның ішінде Үлкен соттағы барлық сот өндірісін қоса алғанда). Енді сот тиісті мәселелерге баса назар аударылуын, іс жүргізу құқықтарын теріс пайдаланбауын, шығындардың қысқартылуын, істің қозғалысын жеделдетуді және оның әділ нәтижесіне қол жеткізу үшін күш-жігерін жұмсауды қамтамасыз етуі тиіс.

Әрбір басқарушы судья «дөңгелекті қайта ойлап табуына» жол бермеу үшін және бірізділікті қамтамасыз ету үшін сэр Руперт Джексон барлық судьялар модельдік нұсқауларды қамтамасыз ететін бағдарламалық



қамтамасыз ету жүйелеріне қол жеткізу қажеттілігін атап өтті.

«Істерді басқарудағы мәдениеттің өзгеруіне қол жеткізу» атты өз дәрісінде Джексон, егер оны тиімді қолданбаса, істердің басқарылуы жүйенің сарқылуына және сот талқылауының жалпы құнының артуына алып келе алады деп ескертті.

Ол құқықтық жүйе Сцилла мен Харибданың арасындағы орташа курсты бағыттауы тиіс деп болжады: «бұл тұрғыда Сцилла соттардың ресми араласуы болып табылады, бұл шығындарды қандай да бір пайдалы мақсатсыз сіңіреді», және «Харибда – бұл құқықтарға қол сұғылмаушылық туралы іс бойынша сот процесі, тараптарды бақыланбайтын сот процесінде - Лорд Вульф өз есептерінде анықтаған барлық проблемалармен бірге қалдырады».

2013 жылдың сәуірінде Джексон реформасы аясында келесі өзгерістер енгізілді:

Тараптар енді істерді жүргізу жөніндегі тиісті нұсқауларды келісуге тырысуы тиіс және олар істерді басқару жөніндегі кез келген конференцияға (жиынға) жеті күн қалғанда нұсқаулар беруге тиіс. Мультитрекке бөлінген істерге арналған стандартты нұсқаулықтардың электрондық мәзірі АСЕ веб-сайтындағы сілтеме бойынша ұсынылады. Тараптарға сондай-ақ Сотқа дейінгі бақылау тізімін не листингті толтырғаннан немесе істі сотқа дейінгі қайта қаралудан кейін сот талқылауы басталатын күннің немесе аптаның сотпен расталуы ұсынылады.

Іс жүргізуді ұйымдастырудың бұл нысаны халықаралық қолдауға ие. Американдық заң институты мен УНИДРУА-ның (міндетті емес) қағидалары дауды әділ, тиімді және ақылға қонымды шешуге қол жеткізу үшін сотқа өз қалауын білдіре отырып, талқылауды белсенді басқаруды ұсынады.

Істі басқарудың «негізгі функциялары»:

- егер бұл мүмкін болса, медиацияны пайдалануға тараптарды итермелеу;
- істің тым баяу және тиімсіз қаралуын болдырмау;
- сот ресурстарының тепе-тең (пропорционалды) бөлінуін қамтамасыз ету.

Сондықтан сот пен Тараптар соттың «аз ресурстары» – судьяларға қол жеткізуге ниет білдірген басқа қатысушылардың бәсекелес талаптарын ескеруі тиіс.

Іс басқару режимінің мәнін сэр Энтони Кларк өзінің 2007 жылғы дәрісінде баяндаған еді:

«Бірге алынған басты мақсат пен сот істерінің белсенді жүргізілуі әрбір істе сот ресурстары мен істегі тараптардың ресурстарының тепе-тең (пропорционалды) санының жұмсалуды, дау-дамайға нақты мәселелердің мерзімінен бұрын анықталып, сотпен және тараптармен шоғырлануын әрі талап қою арыздарының шұғыл тәртіпте қаралуын қамтамасыз етуге ұмтылады».

Сэр Энтони Кларк «істі тиімді басқарудың» үш аспектісін анықтады:

(1) «Тараптар арасындағы нақты проблемаларды анықтау. Бұл жасалғаннан кейін, құжаттарды табу осы мәселелерге қатысты құжаттармен, фактілік дәлелдемелерде сараптамалық дәлелдемелер сияқты шектелуі мүмкін. Сондай-ақ, ең алдымен реттеу, делдалдық, егер бұл мүлдем қажет болса, қалған мәселелер бойынша сот талқылауы мақсатында бір немесе бірнеше түйінді мәселелерді шешу көп жағдайларда мүмкін болуы ықтимал».

(2) «Сарапшылар ортақ көзқарасқа келу үшін және олардың арасындағы даулы мәселелерді анықтау үшін кездесуі керек». Мұның алғышарты – АСЕ-ге сәйкес сот, тараптардың сарапшылары арасында алдын-ала «талқылауын» өткізуге уәкіл етіледі, ал одан кейін «біріккен мәлімдеме» жасайтын сарапшылардың кезегі келеді. Ережеге сай: сот сарапшылар арасындағы талқылаудан кейін олар сот үшін өтініш дайындау керектігін айта алады. Өтініште көрсетілетін мәліметтер:

(а) сарапшылардың келіскен мәселелері;

(б) олар келіспейтін мәселелер және келіспеу себептерінің қысқаша баяндалуы.

Мұндай пікірталастар реттеуге алып келуі мүмкін, дау саласын тарылтып, дауды оңтайландыру үшін идеялар әзірлеуі мүмкін.

(3) «Сот талқылауы барынша мақсатты болуы керек... Айқас жауап алуды қоса алғанда, ауызша дәлелдемелерді шектеу мүмкіндігі бар. Мысалы, бір емес, үш күн берілсе де айқас жауап алушылардың артық табысқа жетуі екіталай. Тараптардың адвокаттары арасындағы ынтымақтастық шешуші мәнге ие».



Істерді тиімді жүргізу үшін талап етілетін факторлар:

- судьялардың істі алдын ала түсініп оқуы және олардың тиісті дайындығы;
- бір судья бір істі келесі тыңдауға дайындаумен айналысуы тиіс;
- соттар арасында келісушілік болуы тиіс;
- апелляциялық сот істерді жүргізу туралы «сенімді де әділ» қаулыларды күшінде қалдыруы тиіс;
- сот тәжірибесінің болуы.

2. Судьялардың істі басқару жөніндегі міндеттері

Судьялардың істі басқару жөніндегі міндеттері:

- ынтымақтастық және татуласу келісімі: Тараптар арасындағы ынтымақтастықты ынталандыру; тараптарға барлық дау немесе оның бір бөлігі бойынша татуласу келісіміне қол жеткізуге жәрдемдесу; дауды баламалы тәртіппен шешуді ынталандыру; қажет болған жағдайда, соттан тыс келіссөздер немесе талқылаулар жүргізу үшін іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру;
- қатыстылығын және кезектілігін анықтау: даулы мәселелерді анықтауға жәрдемдесу; мәселелер қаралатын тәртіпті айқындау; толық талқылауды талап ететін мәселелерді және оңайлатылған рәсім шеңберінде қаралуы мүмкін мәселелерді айқындау;
- оңайлатылған тәртіпте шешімдер қабылдау: істі қарауды оңайлатылған тәртіппен бастау туралы шешім қабылдау (АСЕ-нің 24-бөлігіне сәйкес), талап-арызды немесе табысқа қол жеткізуге мүмкіндігі жоқ ретінде оған қарсылықты алып тастау туралы шешім қабылдау, алдын ала мәселені шешкеннен кейін өндірісті тоқтату [егер шешім одан әрі талқылауды мағынасыз ететін жағдайда], мәселелерді қараудан алып тастау;
- істі тез қарауды қамтамасыз ету: іс барысын бақылау жөніндегі кестелерді белгілеу және өзге де шаралар, істі талқылау үшін тиісті түрде және мүмкіндігінше қысқа мерзімде беру мақсатында нұсқаулар беру;
- шығыстарды реттеу: ұсынылған іс жүргізу әрекетінің үнемділігін, талап мөлшерін есепке алу («тепе-теңдік»).

Аталған тізбе соттың жаңа белсенді рөліне толық сипаттама беруді мақсат етпейді.

Лорд Вульф бұл өкілеттіктерге былай түсініктеме берді: «... судьялар өздерінің кең құқықтарын адал және әділ жүзеге асыру үшін сенімге ие болуға тиіс... [апелляциялық соттар] судьялар өз өкілеттіктерін тиісті қағидаттарды қандай да бір бұза отырып жүзеге асырғаны дәлелденсе ғана араласуға тиіс». Тарап істі басқаруға қатысты сот актісіне апелляция беру үшін рұқсат алуы тиіс, бірақ мұндай рұқсат алу оңай болмайды. Апелляциялық соттар мұндай шешімдердің дұрыс емес жағдайларын қоспағанда, судьялардың басқарушылық шешімдеріне аса назар аударып қарауға дайын.

3. Коммерциялық соттағы істердің басқарылуы

Коммерциялық сот-корольдік орындық бөлімінің бөлігі (Queen's Bench Division). Оның өзіндік толық іс жүргізу кодексі бар – «Теңіз істері жөніндегі сот және коммерциялық сот үшін Нұсқаулық». Оның судьялары істі қарау басталғанға дейін, оның ішінде Істі басқару мәселелері бойынша берілген барлық өтініштерді қарайды. Бұл корольдік орындық бөлімшесінің жалпы тәжірибесімен қарама-қайшы, онда толық Үлкен Сот судьялары (қатардағы судьялар) әдетте азаматтық процеске тек қарау сатысында ғана кіріседі, ал іс жүргізу мәселелері жөніндегі судьялар (Masters) істі қарау басталғанға дейін туындайтын көптеген мәселелерді қарайды.

Талқылау басталғанға дейін екі маңызды тыңдау өтеді:

- «істі басқару бойынша конференция (жиын)».
- «тыңдаулар басталғанға дейін материалдарды зерттеу» (pre-hearing review).

Коммерциялық соттың бұрынғы судьясы Сэр Ричард Айкенс (қазіргі уақытта – Апелляциялық сот мүшесі) жақында осы маңызды сотта үдерістің тиімділігі мен басымдықтарды белгілеу қажеттілігін атап өтті. Оның коммерциялық соттың әсерлі тарихын ғылыми зерттеу жұмысы күрделі және ұзақ талқылаумен құрылған түбегейлі іс жүргізу проблемаларының маңызды талдауы болып табылады.

2009 ж. коммерциялық соттар үшін басшылыққа сәйкес іс басқарудың негізгі сипаттамалары:

1. Істің мән-жайы жазылған құжаттармен алмасу белгіленген немесе бақыланатын мерзім ішінде



жасалатын болады.

2. Іс бойынша меморандум, шешілуге жататын мәселелер тізімі және Істі басқару жөніндегі папка істің ерте сатысында жасалады.
3. Іс жөніндегі меморандумға, шешілуге жататын мәселелер тізбесі мен Істі басқару жөніндегі папкаға өзгерістер мен жаңартулар енгізілетін болады немесе олар істі қараудың бүкіл мерзімі ішінде жаңа редакцияларда жедел қабылданатын болады және сот оларды істің әрбір сатысында пайдаланатын болады. Атап айтқанда, сұрақтар тізбесі сарапшылардың қандай нақты дәлелдері мен айғақтары қажет екендігін анықтау үшін, сондай-ақ ашылатын ақпараттың көлемін анықтау үшін құрал ретінде пайдаланылатын болады.
4. Сот сұрақтар тізбесін өзі бекітеді немесе жасайды және осы мақсаттар үшін тараптар мен олардың өкілдерінің жәрдемін талап ете алады.
5. Істі басқару жөніндегі міндетті конференция, егер ол бұрын өткізілмеген болса (Тараптар нақты сұрақтарға өз көзқарасын баяндай отырып, істі басқару жөніндегі ақпараттық парақтарды алдын ала ұсынады), істің мән-жайлары баяндалған (statement of case) құжаттар берілгеннен кейін қысқа мерзімде жүргізілетін болады).
6. Істі басқару жөніндегі бірінші конференцияда сот (қажет болған жағдайда) іске туындаған мәселелерді және іске қатысушы адвокаттармен істің қажеттіліктерін талқылайды. Сот іс қарау басталғанға дейін іс-әрекеттер кестесін жасайды және қажетті деп санайтын нұсқаулар береді.
7. Істің мән-жайлары баяндалған құжаттар берілгеннен кейін тараптар дәлелдемелерді ашу кестесін немесе кестелерін беруге тиіс. Істі басқару жөніндегі бірінші конференцияда сот мәселелері тізбесін ескере отырып іске қатысушы адвокаттармен дәлелдемелерді ашу кестелерінде көзделген дәлелдемелерді ашу Стратегиясын талқылайды, дәлелдемелерді ашу мен құжаттарды іздестірудің осындай ашу жүзеге асырылатын іс бойынша мәселелердің маңыздылығына сәйкестігін қамтамасыз ету және қосымша дәлелдемелерді ашу туралы кейінгі мәлімдемелерді болдырмау үшін.
8. Іс қозғалысын бақылау күніне дейін тараптар іс қозғалысы туралы ақпараттық парақтарды пайдалана отырып, іс қарау басталғанға дейін олардың іс-қимылдар кестесін сақтауы туралы есептерді сотқа береді.
9. Істің қозғалысын бақылау күні немесе осы күннен кейін қысқа мерзімде судья (тындауды өткізбей) істің қозғалысын зерделейді және қажет деп санайтын одан әрі нұсқаулар береді.
10. Егер іс қозғалысын бақылау күніне барлық тараптар олардың талқылауға дайын екенін хабарласа, барлық тараптар іс қарау басталғанға дейін іс-әрекеттерге қатысты анкетаны толтырады.
11. Көптеген істерде тексеру іс қарау басталғанға дейін жүргізілетін болады; мұндай жағдайларда Тараптар оны соттың қарауы үшін іс қарау кестесінің жобасын әзірлеуі тиіс.
12. Істі талқылау барысында істі қараудың болжамды ұзақтығына қатысты, оның ішінде істі қарау басталғанға дейін судья материалдардың қандай санымен танысуға тиіс екендігіне қатысты тұрақты тексерулер жүргізілетін болады.

Пайдаланылған және ұсынылатын әдебиеттер

1. Здрок О.Н. Гражданский процесс зарубежных стран. Курс лекций: Учебное пособие. – Мн.: БГУ, 2004. – 147 с.
2. Решетникова И. В. Основные черты системы противоборства сторон // Российский юридический журнал. - 1993. - №2. - С.66–73.
3. Решетникова И. В. Доказательственное право Англии и США. - М., 1999.
4. Осаке К. Сравнительное правоведение в схемах: Общая и особенная части. - М., 2002.
5. Эндрюс Н. Система гражданского процесса Англии: судебное разбирательство, медиация и арбитраж / пер. с англ.; под ред. Р.М. Ходыкина; Кембриджский ун-т. – М.: Инфотропик Медиа, 2012. – 544 с.
6. Айдарбаев С.Ж., Туменбаев С.А. Қазақстан Республикасының және шетелдердің азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы. - Алматы: Таңбалы баспасы, 2012. - 270 бет.